

## Шымкент қаласында үй жануарларын ұстау және серуендету қағидаларын бекіту туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 21/194-VII шешімі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-2-тармағына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шымкент қаласында үй жануарларын ұстау және серуендету қағидалары осы шешімге қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шымкент қаласы*

*мәслихатының хатшысы*

*Б. Нарымбетов*

Шымкент қаласы мәслихатының  
2022 жылғы 29 қыркүйектегі  
№ 21/194-VII шешімімен бекітілді

## Шымкент қаласында үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің қағидалары

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Шымкент қаласында үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-2-тармағына сәйкес әзірленді және Шымкент қаласында үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің тәртібін белгілейді.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

- 1) жануардың иесі - жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе занды тұлға;
- 2) жауапты адам – жануар иесінің "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген құқықтары мен міндеттерін жануар иесінің жазбаша тапсырмасы бойынша өзіне алатын адам;
- 3) ұстау орны – жануардың иесі және (немесе) жауапты адам пайдаланатын, жануар ұсталатын ғимараттар, құрылыштар, құрылышжайлар, үй-жайлар немесе жер участекелері;
- 4) үй жануарлары (компаньон жануарлар) (бұдан әрі – үй жануарлары) – қай түрге жататынына қарамастан, адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асырайтын және өсіретін жануарлар;

5) үй жануарларының өз бетінше серуендеуі – үй жануарларының ұстасу орнынан тыс жерде жануар иесінсіз және (немесе) жауапты адамсыз өз бетінше болуы;

6) үй жануарларын серуендету – жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның жануарды ұстасу орнының шегінен тыс жерге шығаруды көздейтін және жануардың қозғалыс белсенділігіне, табиғи қажеттіліктерін атқаруға деген физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттері.

## 2-тарау. Үй жануарларын ұстасудың тәртібі

3. Үй жануарларын ұстасу жөніндегі талаптарға мыналар жатады:

1) үй жануарларын күтіп-бағу жағдайлары олардың биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келеді, олардың табиғи қажеттерін қанағаттандырады;

2) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес үй жануарлары ауруларының профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді және жоюды қамтамасыз ету болып табылады.

4. Үй жануарының иесі және жауапты адамы алаңдаушылық туғызуға, адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіруге, айналадағыларға зиян келтіруге жол бермейтін жағдайларды қамтамасыз етеді.

5. Үй жануарларын төмендегідей орындарда ұстасуға рұқсат етілмейді:

1) Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау және денсаулық сақтау салаларындағы заңнамасының талаптары бұзылған кезде қоғамдық орындарда, ұстасу орындарында;

2) ортақ пайдаланылатын орындарда (баспалдақ аландары, жертөлелер, шатырлар, шектес балкондар, лоджиялар және ортақ пайдаланылатын қосалқы үй-жайлар);

3) үй маңындағы аумақтарда (жеке тұрғын үйлердің үй маңындағы аумақтарынан басқа);

4) ас үйлер мен жатақхана дәліздерінде.

6. Үй жануарларының иесі және жауапты адам тарапынан тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың, оның ішінде кондоминиум объектілерінің, қоғамдық орындардың үй жануарларымен ластануына, қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол берілмейді.

7. Бірнеше отбасы тұратын тұрғынжайда (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме, модульдік (мобиЛЬДІ) тұрғын үй) үй жануарларын ұстасу медициналық қарсы көрсетілімдерді ескере отырып, барлық тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің келісімімен жүзеге асырылады.

8. Бау-бақша, саяжай кооперативтерінің, демалыс үйлерінің аумақтарында санитариялық-гигиеналық ережелердің талаптарын сақтай отырып, үй жануарларын ұстасуға жол беріледі.

9. Үй жануарлары бар адамдардың жатақханалар мен қонақ үйлерде уақытша болуына Қазақстан Республикасы заңнамасының санитариялық-гигиеналық және өзге

де талаптарын сақтай отырып, жатақханалар мен қонақ үйлерде белгіленген ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес көрсетілген ұйымдардың келісімімен жол беріледі.

10. Үй жануарларын қараусыз қалдыруға жол берілмейді. Қарау мүмкін болмаған жағдайда үй жануарының иесі немесе жауапты тұлға:

- 1) жануарды үй жануарларына арналған панажайға уақытша күтіп-бағуға орналастырады;
- 2) үшінші адамдарға уақытша күтіп-бағуға береді;
- 3) зоологиялық жатынжайға орналастырады.

11. Үй жануарын одан әрі ұстасу мүмкін болмаған жағдайда жануар иесі және жауапты адам үй жануарын одан әрі орналастыруға шаралар қабылдайды.

12. Иттер өздігінен серуендеуін және адамдар мен жануарларға шабуыл жасауды болдырмайтын жағдайларда ұсталады. Мұндай жағдайлар болмаған жағдайда ит вольерде немесе байлаулы болады.

### **3-тaraу. Үй жануарларын серуендету тәртібі**

13. Үй жануарларын серуендету адамдардың, басқа жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың мүлкіне үй жануарларының зиян келтіруден қорғау талабымен жүзеге асырылады.

14. Үй жануарларының иесі және жауапты адам қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында осы Қағидалармен белгілеген тәртіппен үй жануарларын серуендету ережелерін сақтайды.

15. Үй жануарларын серуендету кезінде иелері және жауапты адам келесі талаптарды сақтайды:

1) үй жануарларын серуендету ұзындығы 2 (екі) метрден аспайтын қарғы баumen тұмылдырықсыз, тыйым салу белгісімен белгіленбеген орындарда жүзеге асырылады, бұл ретте жануардың иесі өзімен бірге тұмылдырық алып жүреді, ол қажет болған кезде итке дереу кигізеді;

2) Шымкент қаласының әкімдігімен белгіленген жерлерде, итке тұмылдырықты уақтылы кигізеді және серуендету орындарда қарғы баудың лайықты ұзындығын реттеуді;

3) үй жануарын серуендету айналасындағыларға аландаушылық және кедергі келтірмей жүзеге асырылады;

4) көшелер арқылы немесе магистральдардың жаңында өткен кезде жол-көлік оқиғаларын және оның жүру бөлігінде апат болуын болдырмау үшін үй жануарларына тұмылдырық кигізіледі және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғы бауда ұстайды;

5) тыйым салатын жазбалар болмаған жағдайда итке тұмылдырық кигізіліп және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғы баumen мекемелерде, азық-түлік емес дүкендерде, поштада болуына рұқсат етіледі;

6) итті, егер бұл ретте қоғамға қауіп төнбесе, қоғамдық тәртіпті бұзбаса, иттің денсаулығына қауіп төнбесе немесе оның еркін қозғалуына кедергі келтірілмесе, ғимараттың жанында 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғы баumen байлаап және түмбылдырықта уақытша қалдыру қажет.

16. Иттермен қорғалатын бекітілген аумақтары бар иелер және жауапты адамдар иттерді өздерінің базаларында, қоймаларында, өндірістік үй-жайларында тек түнгі уақытта және қоршалған аумақта еркін серуендетеді. Күндізгі уақытта иттер байлауда немесе вольерде болады.

17. Елді мекен аумағында:

1) иттердің өздігінен серуендеуіне;

2) үй жануарларын серуендетуге және қоғамдық орындар мен көлікте болуға, олардың мінез-құлқын бақылауға қабілеті жоқ, оның ішінде алкогольден, есірткіден, уытқұмарлықтан масаң күйдегі адамдарға;

3) мектепке дейінгі балалар, білім беру, дене шынықтыру-спорттық және медициналық, емдеу үйымдарының, мәдениет үйымдарының, балалар мен спорттық ойын алаңдарының аумақтарында және тыйым салу белгілері орнатылған, серуендеуге арналмаған аумақтарда үй жануарларын серуендетуге;

4) адамдар шомылуға рұқсат етілген аумақта үй жануарларын серуендетуге;

5) адамдар шомылуға рұқсат етілген аумақта, тоғандарда, субұрқақтарда және су бөгеттерінде үй жануарларын шомылдыруға және жууға;

6) үй жануарларының қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында (көзі әлсіз көретін адамдарға арналған қызметтік иттер мен жетелеуші иттерден басқа), сервистік қызмет көрсету азық-түлік дүкендерінің сауда және өндірістік залдарында, мәдени мекемелерде (иттер қатысатын көрмелер, ойын-сауық және бұқаралық іс-шаралар өткізу жағдайларын қоспағанда), діни үйымдарда (бірлестіктерде), балалар, білім беру, медициналық үйымдардың үй-жайларында болуына және ұсталуына жол берілмейді.